

"Кредиторлар талаптары тізілімінің нысандарын, оны қалыптастыру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 762 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 705 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 308 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.05.2020 № 308 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Кредиторлар талаптары тізілімінің нысандарын, оны қалыптастыру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 762 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 45, 442-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Оңалту рәсiмiндегi кредиторлар талаптары тізілімінің нысанында:

мына:

"

2	Екінші кезек
1	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген, борышкердің мүлік кепілімен) қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары
	Екінші кезек бойынша жиыны:

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Екінші кезек
1	Борышкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген мүлік кепілімен) қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары
	Жиыны:
2	Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның бұрын жасалған және осы клирингтік ұйымға қатысушы болып табылатын орындамаған банкрот, орталық контрагент) қатысатын мәмілелердің нәтижесінде туындаған талаптары
	Жиыны:
	Екінші кезек бойынша жиыны:

";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Банкроттық рәсiмiндегi кредиторлар талаптарының тізілімінің нысанында:

мына:

"

2	Екінші кезек	
1	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген, борышкердің мүлік кепілімен) қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары	
	Жиыны:	
2	Банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының кредит алуы нәтижесінде) туындаған кредиторлардың талаптары	
	Жиыны:	
	Екінші кезек бойынша жиыны:	

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Екінші кезек	
1	Борышкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген мүлік кепілімен) қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары	
	Жиыны:	
2	Банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының кредит алуы нәтижесінде) туындаған кредиторлардың талаптары	
	Жиыны:	
3	Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның бұрын жасалған және) осы клирингтік ұйымға қатысушы болып табылатын орындамаған банкрот, орталық контрагент қатысатын мәмілелердің нәтижесінде туындаған талаптары	
	Жиыны:	
	Екінші кезек бойынша жиыны:	

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев